

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Мен және менің достарым

ЖАРИЯЛАНДЫ
13.05.2022СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/120796/

Кадыркулова Карлыгаш Нурымбетовна

Ұйымдастырылған оқу іс - әрекетінің технологиялық картасы

Күні: 04.04.2022ж

Білім беру саласы: Әлеуметтік орта.Бөлімі: Қоршаған ортамен таныстыру.Тақырыбы: «Мен және менің достарым»Мақсаты 1. Өзінің есімін, тегін атай білуге жаттықтыру.

2. Топтағы балаларды атымен атауды үйрету; «ұл», «қыз» ұғымдары туралы түсініктерін бекіту.
3. Адамдармен өзара түсінісіп, қарым-қатынас жасай білуге үйрету.

Қажетті құрал-жабдықтар: ойыншық тышқан, доп, балалардың суреттері, үлестірмелі материалдар.

Сөздік жұмыс: достық, ынтымақ.

Оқу іс - әрекеттің кезеңдері

Тәрбиешінің іс — әрекеті

Балалардың іс - әрекеті

Мотивациялық қозғаушылық	<p>Қандай ғажайып таң! Бәріміз шаттық шеңберіне тұрып, бір-бірімізге игі тілектерімізді айтайық.</p> <p>-Бізге қонаққа келіп тұр. Кім болды екен?(тышқан жылап кіреді). Тәрбиеші тышқанның дауысына салып: -Сәлеметсіңдер ме балалар! Менің көңіл-күйім түсіп кетті, өйткені менің достарым жоқ. Қарап тұрсам, сендер өте көңілдісіңдер, сендер көпсіңдер. Мен достардың қандай болатынын да білмеймін. -Балалар, алдымен танысып алайық. Шеңбер бойымен өз есімдеріңді атап шықсаңдар жақсы болар едіңдер.</p>	<p>Шаттық шеңберіне тұрады, бір-біріне игі тілектерін білдіреді, тышқанға әрқайсысы аттарын айтады</p>
Ұйымдастырушылық-ізденістік.	<p>1.Білімді өзектендіру: -Тышқанға көмектесіп, достың қандай болатынын және достық туралы айтып берейік. -Сендердің достарың бар ма? -Достық дегенді қалай түсінесіңдер?</p> <p>2.Достық тақырыбында әңгіме өткізу. -Достық — ада-дардың бір-бірімен жақсы ниетпен араласуды, бірге ойнауы. Балалар, нағыздостың қандай болатынын білесіңдер ме? -Ынтымақ - адамдар арасындағы ұйымшылдық, бірлік.</p> <p>3.Үлестірмелі материалдармен жұмыс. Тапсырманы қалай орындау керектігін түсіндіреді, қалай орындағандарын қадағалайды. Жеке жұмыс жүргізеді. «Иә немесе жоқ» ойыны. Шарты: тәрбиеші сөйлемдерді айтады, балалар келісетіндерін немесе келіспейтіндерін «иә», «жоқ» деген жауаптармен білдіреді. -Ұзақ дос боламыз. -Достықты біз бағалаймыз. -Бірге ойнаймыз. -Бір-бірімізге көмектесеміз. -Достарды ренжітеміз. -Досымның қолындағы ойыншығын тартып аламын.</p> <p>4. Саусаққа арналған жаттығу. Достық Қыздар менен ұлдар, Дос қой біздің топта. Ұсынса біреу қолын, Ешқашан бас тартпа.</p> <p>5.»Досың туралы айт» жаттығуы. -Досыңның есімі кім? -Сенің досың ұл ма, әлде қыз бала ма? -Досың ызақор ма, әлде мейірімді ме?</p>	<p>Сұрақтарға жауап беріп, өз білімдерімен бөліседі.</p> <p>Тәрбиешіні мұқият тыңдап, сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Тапсырманы орындайды.</p> <p>Сұрақтарға жауап бере отырып, ойынға қатысады.</p> <p>-Иә. -Иә. -Иә. -Иә. -Жоқ. -Жоқ.</p> <p>Саусаққа арналған жаттығуды орындайды. Мәтін мазмұнына сәйкес қимыл-қозғалыс жасайды.</p> <p>Өз достарын сипаттайды. Менің досымның аты Аяжан. Ол - қыз бала. Ол мейірімді.</p>
	<p>Тышқан: Балалар, сендерге көп рақмет. Менің кетуім керек. Енді мен дос табатыныма сенімдімін, өйткені мен дос және достықтың не екенін түсіндім. Балалармен қоштасады.</p>	<p>Тәрбиешімен бірге оқу іс-әрекетті қорытындылайды.</p> <p>Тышқанмен қоштасады.</p>

Күтілетін нәтиже:

Орындайды: Заттарды сипаттап айтуға және басқа да ойыншықтардың неден жасалғанын ажыратуға арналған тапсырмаларды.

Түсінеді: Металл және ағаштан жасалатын ойыншық түрлері туралы мәліметтерді тыңдап.

Қолданады: Заттардың қандай материалдардан жасалатынын анықтап, оларды топтастыра бөлу дағдыларын.

Технологиялық картаны толтырған:

Тәрбиеші: Кадыркулова карлыгаш Нурымбетовна

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.